


Бекітемін

А.Төлеубаев атындағы ЖОББ
мектебінің директоры

 Абдикаримова С.Т.



Кәсіби бағдар беру жұмысының
2022-2023 оқу жылындағы
жылдық есебі

2022-2023 оқу жылы

А.Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектептің кәсіби бағдар берушісі Ләкетқызы Махаббаттың 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жұмыстары бойынша есебі

Мамандық таңдау - тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкіпбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек.

Мамандық таңдау кезінде оқушылардың қай бағытқа, қай мамандыққа жақын екенін анықтау мақсатында 9,11-сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижелері төмендегідей болды (9-сынып):

- Сіз болашақ мамандығыңызды таңдадыңыз ба? Иә-19 (76%); Жоқ 6 (24%);
- Қандай мамандық таңдадыңыз? Жазып көрсетіңіз: педагогика-8, дәрігер-3, жаттықтырушы-2, медресе-1, зангер-2, туризм-1, бағдарламашы-2;
- 9-сыныптан кейінгі сіздің жоспарыңыз? 10 сыныпта қалу-7 оқушы, колледжіге оқуға түсу-17 оқушы, жауап беруге киналамын – 1 оқушы
- Өзіңіздің болашақ мамандығыңызға дайынсыз ба? Бұған мүмкіндікті көріп тұрған жоқпын – 0, Бірденіе істегім келеді, бірақ неден бастарымды білмеймін-7 оқушы, иә, болашақ мамандығыма дайынмын- 18 оқушы

11-сыныпқа арналған сауалнама нәтижелері: Тіс дәрігері-2, Мұғалім-2, Әскери адам-1, Қорық қызметкері-1, Журналистика саласы (диктор)-1 оқушы.

- Бұл мамандықты таңдауға кім себеп болды?: Ата-анаң- 25%, Үстаздарың-0%, Өз қалауым -75%.
- Бұл мамандықты таңдауға не себеп болды?: Үнемі қажет болатын мамандық, ақпасы көп, көптеген плюстары бар, үнемі актуалды, ақысы жоғары деп жауап берді.



Жасөспірімдерге мамандық таңдауда кәсіби бағдар беру мақсатында 10-11 сынып оқушыларымен «Сен болашақ мамандығыңды таңдадың ба?» тақырыбында кездесу өткіздім. Оқушыларға алдын ала мамандық таңдаудың психологиялық диагностикадан өткізудің маңыздылығы мен мамандық таңдауда темперамент және мамандық типтерінің ролі жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар оқушыларға болашақ мамандықты анықтайтын тегін тест сайттары, Қазақстан бойынша жоғары білім орындарының тізімі бар сайт ұсынылды.

Мамандықтар бойынша ағарту жұмысын жүргізу және кәсіби бағдар беру жұмысының мәні өте терең. Сондықтан мектеп психологиялық қызметінің міндеттерінің бірі -балаларға мамандықты дұрыс таңдатуы болып табылады.



Оқушы түлектермен кездесуге Қазақстан Республикасы ТЖМ Мәлік Габдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясынан таныстыру мақсатында профориентатор мамандар келіп түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Басқа да жоғары оқу орындары мен колледждер электрондық пошта арқылы білім беру ұйымдары жайлы мәліметтер жіберіп, ол туралы оқушылар ақпарат алып отырады.



Оқушылар С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің өкілдерімен ZOOM қосымшасы арқылы бейнебайланыс орнатып университет өмірімен, мамандық түрлерімен танысты.



Оқушылармен сұхбаттасу қатысушыларды болашақ мамандықты жауапкершілікпен тандауға ынталандырады. Кәсіби қызметтің бағыттары мен түрлері туралы түсінік қалыптастырылды, жеке өзін-өзі анықтау және өзін-өзі белсендіруге көмек көрсетіледі.

2023 жылдың 1 ақпан күні 9,11 сынып ата-аналарымен «Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың ролі» тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыстың мақсаты: оқушыларға мамандық таңдауда ата-ананың ролінің маңыздылығын түсіндіру. Жиналыс барысында мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы жайлы мәлімет айтылып, оқушылардың қызығушылықтары туралы айтылды, мамандық таңдауда әсер ететін факторлар, мамандық таңдаудағы қателіктер, мамандық таңдауда ата-аналарға жадынама айтылды.



Ақпан айының 17-сі күні «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжінің мамандары келіп 9-сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізіп кетті.

Ақпан айының 22-сі күні Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының қызметкерлері келіп 10-11 сынып оқушыларымен тапшытыру, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



Қорғалжын ауданы, Агротехникалық колледжінің мамандары мектебімізге келіп, 9-сынып оқушыларымен кездесіп, колледж жайлы ақпарат беріп, мамандықтар, жатақхана, тегін тамақтану туралы мағлұматтар берді.



9-сынып оқушыларымен «Айналамдағы мамандық» тақырыбында квест-ойын өткізілді. Ойын бес тапсырмалдан тұрды. Оқушылар мамандықтарды мамандық топтары: Адам-адам, адам-техника, адам-табиғат, адам-белгілер жүйесі, адам-көркем бейне бойынша жіктесуді үйренді, өздері білмейтін жаңа мамандық иелері туралы ақпарат білді. Ойын қызықты өтті, оқушылар мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керектігін білді.



Наурыз айының 13-і күні Қорғалжын ауданы бойынша Мемлекеттік Кірістер бөліміне 10-11 сынып оқушыларымен барып қайттық. Кірістер бөлімінің басшысы Адибекова Марал Қоржынбаевна оқушыларға салық қызметі

жайлы, статистика туралы жалпы түсінік, заңгер мамандары жайында мағлұмат берді.



Астана Медицина университетінің маманы 10-11 сынып оқушыларымен ауыл квотасы, қайтарымсыз әкім грантын пайдалану т.б. ақпарат жайында мәлімет беріп кездесу өткізді.



Наурыз айының 16-сы күні Луразия гуманитарлық университеті мамандары келіп оқушылармен сұхбат жүргізіп, институт өмірі, оқуға түсу, мамандық түрлері туралы ақпарат берді.



«Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық қанықтық форматта өткізілген форумға 10-сынып оқушысы Жауынгерова Күралай қатысты. Күралай «Мамандық тұлғасы» бейнесюжеттер байқауы номинациясы бойынша өзінің

ұстазы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Айкишсва Салғанат Бейсембаевнамен сұхбаттасып, өзінің таңдаған мұғалімдік мамандығы бойынша мағлұматтар алды.



Арнайы орта білім беретін ұйымдар мен жоғары оқу орындарынан арнайы мамандар келіп оқушылармен кездесу өткізді.





№	Кәсіби бағдар беру жұмысы	Жұмыс түрі	Қатысушылар саны
1	Сен мамандық таңдадың ба?	Сауалнама	31
2	Мамандық таңдауда көмек	кәсіби консультация	19
3	ЖОО және колледж өкілдерімен кездесу	кездесу	31
4	Мамандықтар әлемін баяндайтын әдебиеттермен танысу	кеңес	19
5	Баланың мамандық таңдауындағы ата-ананың рөлі	Ата-аналар жиналысы	20
6	М.Габдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы қызметкерлерімен кездесу	Кездесу	17
7	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ш. Қабилбаев атындағы Қостанай академиясы	Кездесу	8
8	«Айналадағы мамандық» квест-ойын	Квест-ойын	25
9	Қорғалжын ауданы, Агротехникалық колледж мамандарымен кездесу	Кездесу	25
10	Қорғалжын ауданы бойынша Мемлекеттік Кірістер бөлімі	Кездесу	13
11	Еуразия гуманитарлық институты қызметкерлерімен кездесу	Кездесу	16
12	Медицина университетіне түсуге әкім грантын пайдалану жайлы ақпарат	Кездесу	16
13	Степногорск қаласы №4 «Болашақ» мектеп-интернаты	Zoom платформасымен бейнебайланыс	20
14	«Мамандықтар әлемі ашамыз» облыстық форумы	Бейнесюжеттер байқауы	1
15	Арнайы орта білім беру, жалпы орта білім беру ұйымдарының мамандарымен кездесу	кездесу	33

Кәсіби бағдар беруші:  Ләкетқызы М.